115.		АЕК мөлшері, теңгемен
116.		Төлем мөлшерлемесі, АЕК-те
117.		Төлеуге есептелген төлем сомасы, теңгемен
118.		25 ақпаннан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы теңгемен
119.		25 мамырдан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы теңгемен

120.		25 тамыздан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы теңгемен
121.		25 қарашадан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы теңгемен
122.		Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін төленуге жататын төлемақының ағымдағы төлемдерінің сомасы теңгемен
123.		25 қарашадан кейін төленуге жататын төлемнің ағымдағы төлемдерінің сомасы теңгемен
124.		Салық органының коды

Ескертпе:

"№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

"Салық есептілігінің жолында ашылуға жататын мәліметтер" деген 2-бағанда салық есептілігі нысанының жолдарын ашатын мәліметтер көрсетіледі;

"Салық есептілігін ашатын салық тіркелімінің көрсеткіштері" деген 3-бағанда салық есептілігі нысанының тиісті жолының салықтық есепке алу тіркелімін ашу үшін қажетті расталатын көрсеткіштердің ең төмен тізбесі толтырылады.

Аббревиатураларды ашып жазу:

БЕ – бухгалтерлік есеп;

АЕК – айлық ескерткіш көрсеткіш;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі.

Салық есептілігі көрсеткіштерін ашуға, сондай-ақ олардың салықтық, бухгалтерлік тіркелімдерінің және салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттардың көрсеткіштерімен өзара байланыстарына қойылатын ең төменгі талаптарға 16-қосымша

Нысан

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша (860.00-нысан) салық есептілігінің көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төменгі талаптар

№	1-деңгей	2-деңгей
	Салық есептілігі жолында ашылуға жататын мәліметтер	Салық есептілігін ашатын салық тіркелімінің көрсеткіштері
1	2	3

1.	Есептелген төлем сомасы-барлығы	Салық органының коды
2.		Кезең
3.		Арнайы су пайдалану түрі
4.		Рұқсат құжатының нөмірі
5.		Рұқсат құжатының берілген күні
6.		Өлшем бірлігі
7.		Белгіленген лимит
8.		Лимит шегінде суды пайдаланудың нақты көлемі
9.		Төлемақы мөлшерлемесі (лимит шегінде)
10.		Төлем сомасы (лимит шегінде)
11.		Белгіленген лимиттен тыс суды пайдаланудың нақты көлемі
12.		Төлем мөлшерлемесі (белгіленген лимиттен жоғары)
13.		Төлем сомасы (белгіленген лимиттен жоғары)
14.		Төлем сомасы барлығы, теңгемен

Ескертпе:

"№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

"Салық есептілігінің жолында ашылуға жататын мәліметтер" деген 2-бағанда салық есептілігі нысанының жолдарын ашатын мәліметтер көрсетіледі;

"Салық есептілігін ашатын салық тіркелімінің көрсеткіштері" деген 3-бағанда салық есептілігі нысанының тиісті жолының салықтық есепке алу тіркелімін ашу үшін қажетті расталатын көрсеткіштердің ең төмен тізбесі толтырылады.

Салық есептілігі көрсеткіштерін
ашуға, сондай-ақ олардың
салықтық, бухгалтерлік
тіркелімдерінің және салық салу
объектілерін және (немесе)
салық салуға байланысты
объектілерді айқындау үшін
негіз болып табылатын өзге де
құжаттардың көрсеткіштерімен
өзара байланыстарына
қойылатын ең төменгі
талаптарға 17-қосымша

\Нысан

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларация (870.00-нысан) салық есептілігінің көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төменгі талаптар

	1-деңгей	2-деңгей

№	Салық есептілігі жолында ашылуға жататын мәліметтер	Салық есептілігін ашатын салық тіркелімінің көрсеткіштері
1	2	3
1.	Белгіленген лимит шегінде есептелген төлем сомасы	Салық органының коды
2.		Операциялардың атауы (шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды, күкіртті орналастыру)
3.		Рұқсат құжатының нөмірі
4.		Рұқсат құжатының берілген күні
5.		Ластаушы заттың, отынның, қалдықтардың, күкірттің түрі
6.		Өлшем бірлігі
7.		Лимит шегіндегі эмиссияның нақты көлемі
8.		Төлем мөлшерлемесі (лимит шегінде), АЕК-те
9.		Коэффициенттер (лимит шегінде)
10.		АЕК, теңгемен
11.		Шекті мөлшерде коэффициентті қолдану арқылы есептелетін мөлшерлемесі, АЕК-пен
12.		Лимит шегінде эмиссия көлемі бойынша төлем сомасы, теңгемен
13.		Белгіленген шектен тыс нақты көлем
14.		Төлем мөлшерлемесі (белгіленген лимиттен жоғары), АЕК-те
15.		Төлем сомасы (белгіленген лимиттен жоғары), теңгемен
16.		Төлем сомасы барлығы, теңгемен
17.	Белгіленген лимиттен асатын есептелген төлем сомасы	Салық органының коды
18.		Операциялардың атауы (шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды, күкіртті орналастыру)
19.		Рұқсат құжатының нөмірі
20.		Рұқсат құжатының берілген күні
21.		Ластаушы заттың, отынның, қалдықтардың, күкірттің түрі
22.		Өлшем бірлігі
23.		Лимит шегіндегі эмиссияның нақты көлемі

24.		Төлем мөлшерлемесі (лимит шегінде), АЕК-те
25.		Кoeffициенттер (лимит шегінде)
26.		АЕК, теңгемен
27.		Шекті мөлшерде коэффициентті қолдану арқылы есептелетін мөлшерлемесі, АЕК-пен
28.		Лимит шегінде эмиссия көлемі бойынша төлем сомасы, теңгемен
29.		Белгіленген шектен тыс нақты көлем
30.		Төлем мөлшерлемесі (белгіленген лимиттен жоғары), АЕК-те
31.		Төлем сомасы (белгіленген лимиттен жоғары), теңгемен
32.		Төлем сомасы барлығы, теңгемен
33.	Есептелген төлем сомасы-барлығы	Салық органының коды
34.		Операциялардың атауы (шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды, күкіртті орналастыру)
35.		Рұқсат құжатының нөмірі
36.		Рұқсат құжатының берілген күні
37.		Ластаушы заттың, отынның, қалдықтардың, күкірттің түрі
38.		Өлшем бірлігі
39.		Лимит шегіндегі эмиссияның нақты көлемі
40.		Төлем мөлшерлемесі (лимит шегінде), АЕК-те
41.		Кoeffициенттер (лимит шегінде)
42.		АЕК, теңгемен
43.		Шекті мөлшерде коэффициентті қолдану арқылы есептелетін мөлшерлемесі, АЕК-пен
44.		Лимит шегінде эмиссия көлемі бойынша төлем сомасы, теңгемен
45.		Белгіленген шектен тыс нақты көлем
46.		Төлем мөлшерлемесі (белгіленген лимиттен жоғары), АЕК-те
47.		Төлем сомасы (белгіленген лимиттен жоғары), теңгемен
48.		Төлем сомасы барлығы, теңгемен

Ескертпе:

"№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

"Салық есептілігінің жолында ашылуға жататын мәліметтер" деген 2-бағанда салық есептілігі нысанының жолдарын ашатын мәліметтер көрсетіледі;

"Салық есептілігін ашатын салық тіркелімінің көрсеткіштері" деген 3-бағанда салық есептілігі нысанының тиісті жолының салықтық есепке алу тіркелімін ашу үшін қажетті расталатын көрсеткіштердің ең төмен тізбесі толтырылады.

Аббревиатураларды ашып жазу:

АЕК – айлық ескерткіш көрсеткіш.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
3-қосымша

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ақпарат пен есептерге қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ақпарат пен есептерге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 146-бабы 2-тармағының алтыншы бөлігіне сәйкес әзірленді және салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпараттарға және есептерге қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды ұсыну, жариялау және деректер базасында орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Талаптарда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бизнес-процесс – салық міндеттемесін есептеудің дұрыстығына қол жеткізу мақсатында салықтық, бухгалтерлік, өндірістік және өзге де есепке алу түрлерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін салық төлеуші орындайтын өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар, міндеттер мен операциялар жиынтығы;

2) бақылау рәсімдері – бизнес-процестердің тәуекелдерін (салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу (ұстап қалу) кезінде қателер мен ақпараттың бұрмалануын қоса алғанда) анықтау, түзету және болғызбау үшін, сондай-ақ салықтық, бухгалтерлік (қаржылық) және өзге де есептілікті уақтылы дайындау үшін салық төлеуші бекіткен әдістемелер мен рәсімдер жиынтығы;

3) бақылаудың арақатынасы – салық есептілігі мен тіркелімдерінің толық қалыптасуын бақылауға бағытталған салық есептілігі көрсеткіштерін қалыптастырудың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік беретін, салық есептілігі жолдары мен бөлімдерінің көрсеткіштері мен деректер сөресінде орналастырылатын есептер арасындағы автоматты салыстыруды көздейтін бақылау рәсімінің түрі;

4) тәуекел – Қазақстан Республикасының салық заңнамасын және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын орындамау ықтималдығы;

5) тәуекел санаты – тәуекелдің туындау ықтималдығы мен оның салық төлеушінің қызметіне ықтимал әсер ету дәрежесін көрсететін сапалық сипаттама;

6) есептілік топтамасы – деректер сөресінде жарияланған тиісті есепті салық кезеңі үшін салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің белгілі бір түрі бойынша құжаттама жиынтығы.

Есептілік топтамасы салық есептілігін және оның қосымшалары, салық тіркелімдері, оның ішінде жиынтық салық тіркелімдері, аналитикалық салық тіркелімдері (бар болған жағдайда), бухгалтерлік есеп тіркелімдері және (немесе) есеп жүйесінен автоматтандырылған түрде берілетін есептер, құжаттардың электрондық карточкалары түріндегі бастапқы құжаттар, сондай-ақ құжаттардың электрондық көшірмелері, оның ішінде сканерленген машинада оқылатын бастапқы құжаттар түпнұсқаларының көшірмелері кіреді. Аталған құжаттар салық салу объектілерін және (немесе) тиісті салық кезеңі үшін салық салуға байланысты объектілерді айқындау негізі болып табылады;

7) есепке алу жүйесі – қаржылық, салықтық және өзге де есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің активтері, міндеттемелері, капиталы, шаруашылық және басқа да операциялары туралы деректерді жинауға, тіркеуге, өңдеуге арналған ақпараттық жүйе.

Осы Талаптарда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Салық төлеушінің ұсынуы үшін қажетті салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпараттарға және есептерге қойылатын талаптардың тізбесі, сондай-ақ оларды ұсыну, деректер сөресінде жариялау және орналастыру тәртібі

3. Салық төлеушінің ұсынуы үшін қажетті, қатысуы туралы мәселелерді қарау сатысында салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпараттарға және есептерге, сондай-ақ деңгейлес мониторингті жүргізу барысында:

1) салық салу саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын орындайтын салық төлеушінің бөлімшелері туралы ақпаратқа және осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарға;

2) осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары туралы ақпаратқа;

3) осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген салық төлеушінің тәуекелдер тізбесін қалыптастыруға;

4) осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген бақылау рәсімдерінің тізбесін қалыптастыруға;

5) осы Талаптарға 5-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген тәуекелдер матрицасын және бақылау рәсімдерін қалыптастыруға;

6) осы Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген орындалатын бақылау қатынастарының тізбесін қалыптастыруға;

7) осы Талаптарға 7-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген бақылау рәсімдерін орындау туралы есепті ұсыну бойынша қойылатын талаптардың тізбесі.

4. Салық төлеуші:

1) деңгейлес мониторинг туралы келісім жасасу туралы өтінішпен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көзделген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарды қоса алғанда 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес толтырылған нысандарды, қағаз жеткізгіште және электрондық құжат нысанында ұсынады;

2) деңгейлес мониторинг туралы келісім жасасу туралы өтінішпен бір мезгілде осы Талаптарға 2 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша көзделген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарды қоса алғанда, 1, 2 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ақпарат пен есептерді деректер сөресіне орналастырады;

3) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бекітілген деңгейлес мониторинг жүргізу қағидаларында (бұдан әрі - Деңгейлес мониторинг қағидалары) айқындалған мерзімдерде осы Талаптарға 3, 4, 5 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ақпаратты және есептерді деректер сөресінде жариялайды;

4) деңгейлес мониторинг қағидаларында айқындалған мерзімдерде осы Талаптарға 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат пен есептерге өзгерістер мен толықтыруларды деректер сөресіне орналастырады және жариялайды.

3-тарау. Ішкі бақылау жүйесінің ақпарат пен есептердің толықтығын бақылау

5. Деңгейлес мониторингке қатысушы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпараттар мен есептердің толықтығын, олардың анықтығы мен өзектілігін растау, тәуекел аймақтарын анықтау, сондай-ақ дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мақсатында бағалауды жүргізеді.

Ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпарат пен есептердің толықтығын бағалау басшылыққа анықталған тәуекелдер, қателіктер, қайшылықтар мен кемшіліктер туралы уақтылы хабарлау, сондай-ақ оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау үшін қаржы-шаруашылық қызмет барысында ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін тексеруді көздейді.

Ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпарат пен есептердің толықтығын бағалауды жүргізудің тәртібі мен кезеңділігі салық төлеуші қызметінің сипаты мен ауқымын, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің жалпы жетілу деңгейі мен сенімділігін ескере отырып белгіленеді.

6. Ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпарат пен есептердің толықтығын бағалау іс жүзінде орындалатын және құжатталған бақылау рәсімдерінің нәтижелері ескеріле отырып, мынадай компоненттер бойынша жүргізіледі:

- бақылау ортасы;
- тәуекелдерді басқару;
- бақылау рәсімдері;
- ақпараттық жүйе.

Ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпарат пен есептердің толықтығын бағалау осы Талаптардың ережелерін ескереді.

4-тарау. Салық салу саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын орындайтын салық төлеушінің бөлімшелері туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

7. Салық төлеуші салық салу саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын орындайтын салық төлеушінің бөлімшелері туралы ақпаратта және осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген салық салу саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын орындайтын жауапты бөлімшелерді көрсетеді.

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесіне салықтық есепке алуға тікелей байланысты функцияларды орындамайтын бөлімшелер, сондай-ақ кейіннен салықтық есепке алу мақсаттары үшін пайдаланылатын көрсеткіштерді бақылауды жүзеге асыратын өндірістік бөлімшелердің қатысуына жол беріледі.

5-тарау. Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастыру-басқарушылық құжаттары туралы ақпаратқа қойылатын талаптар

8. Осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысанда көзделген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдастыру- басқарушылық құжаттарында мыналар ашылады:

1) бақылау ортасы бөлімінде салық төлеушінің басшылығы мен қызметкерлерінің салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін белгілеуге және қолдауға бағытталған бақылау ортасын қалыптастыру қағидаттары, салық төлеушінің ұйымдық құрылымы, салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесінің мақсаттарына қол жеткізу процесінде өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті бағыныстылық және бөлу сызықтары ашылады;

2) тәуекелдерді басқару жүйесі бөлімінде тәуекелдерді басқару процесінің мынадай кезеңдері ашылады: анықтау; бағалау; азайту (жою); тәуекелдерді құжаттау. Салық төлеуші тәуекелдерді анықтау әдістері мен тәсілдерін дербес айқындайды;

3) бақылау рәсімдері бөлімінде оларды әзірлеу, орындау және құжаттамалық ресімдеу тәртібін ашып, бақылау рәсімдерінің тізбесі ашылады;

4) ақпараттық жүйелер бөлімінде бухгалтерлік, салықтық және өзге де есепке алу түрлерін жүргізу және ұйымдастыру кезінде қолданылатын ақпараттық жүйелердің тізбесі мен сипаттамасы ашылады.

Салық төлеуші ішкі нормативтік және өкімдік құжаттарға және ұйымдық құрылымға сәйкес бақылау рәсімдерін орындау үшін лауазымды тұлғалардың рөлі мен жауапкершілігін айқындайды.

9. Салық төлеуші ақпараттық жүйелерді автоматтандыру деңгейін анықтау кезінде мынадай өлшемшарттарды ескереді:

1) төмен деңгей:

салық тіркелімдері мен салық есептілігін дайындау және қалыптастыру процестерін автоматтандырудың болмауы;

автоматтандырудың есепке алу жүйесінде салық тіркелімдерін және салық есептілігін дайындау және қалыптастыру кезінде салық міндеттемелерін есептеудің толықтығы мен дұрыстығын бақылаудың болмауы (бақылау көп дәрежеде есепке алу жүйесінен тыс жүзеге асырылады);

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес есепке алу жүйесінде салық есептілігі мен салық тіркелімдерінің көрсеткіштерін жинау және қалыптастыру алгоритмдерін өзектендіруде кідірістің болуы;

2) орташа деңгей:

салық тіркелімдері мен салық есептілігін дайындау және қалыптастыру процестерін ішінара автоматтандыру. Кейбір кезеңдерде деректер (ақпараттар) қолмен енгізілуі немесе есеп жүйесінен тыс есептеулер жүргізілуі мүмкін;

есеп жүйесінің салық тіркелімдері мен салық есептілігін қалыптастыру кезінде салық міндеттемелерін есептеудің толықтығы мен дұрыстығын автоматты бақылаудың белгілі бір деңгейімен қамтамасыз етілуі (жекелеген автоматты бақылаулар көзделген);

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес есепке алу жүйесінде салық есептілігі мен салық тіркелімдерінің көрсеткіштерін жинау және қалыптастыру алгоритмдерін уақтылы өзектендіру;

3) жоғары деңгей:

салық тіркелімдері мен салық есептілігін дайындау және қалыптастыру процесін толық автоматтандыру. Деректерді (ақпаратты) қолмен енгізу, сондай-ақ есептік жүйеден тыс қолмен түзету жоқ;

есепке алу жүйесінде салық тіркелімдері мен салық есептілігін қалыптастыру кезінде салық міндеттемелерін есептеудің толықтығы мен дұрыстығын автоматты

бақылаудың болуы. Бақылаулардың болуын растау үшін осы бақылауларды орындау нәтижелері бар есепке алу жүйесінен түсірілетін есептер бар;

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес есепке алу жүйесінде салық есептілігі мен салық тіркелімдерінің көрсеткіштерін жинау және қалыптастыру алгоритмдерін уақтылы өзектендіру.

6-тарау. Салық төлеушінің тәуекелдер тізбесін қалыптастыруға қойылатын талаптар

10. Салық төлеуші осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуекелдер тізбесін әзірлейді және қалыптастырады, тәуекелдерді мынадай үлгілер бойынша жіктейді:

1) әдіснамалық тәуекелдер:

салалық түсіндірмелерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және уәкілетті мемлекеттік органның ресми түсіндірмелеріне сәйкес келмейтін нормалар мен әдіснаманы қолдану кезінде жіберілетін қателіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы талаптарын бұза отырып, бухгалтерлік және (немесе) салықтық есептердегі операциялардың дұрыс жіктелмеуі;

типтік емес (ерекше) тәуекелдер мен салық төлеуші қызметінің салалық ерекшеліктерін ескере отырып туындайтын жоспарланатын мәмілелер (операциялар) бойынша тәуекелдер;

операцияларды талдау және оларды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін есепте көрсету тәсілін таңдау кезінде кәсіби пайымдауды қолдануға байланысты алшақтық тәуекелдері;

2) арифметикалық тәуекелдер:

салық есептілігінің нысандары арасындағы мәліметтерді салыстыру кезінде туындайтын алшақтық тәуекелдері;

салық және бухгалтерлік есептің жиынтық деректерін салыстыру кезінде туындайтын сәйкессіздік тәуекелдері;

уәкілетті органның және өзге де мемлекеттік органдардың салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерін, сондай-ақ әртүрлі ақпарат көздерінен алынған салық төлеушінің (салық агентінің) қызметі туралы мәліметтерді салыстыру кезінде туындайтын алшақтық тәуекелдері;

дұрыс емес формулалар мен есептеулерді қолдануға байланысты салықтар мен бюджетке төлемдерді есептеу кезінде туындайтын қателер;

3) процестік тәуекелдер:

салық төлеушінің қызметі барысында туындайтын, елеулі салық салдарына әкеп соғуы мүмкін тәуекелдер;

операцияларды көрсету негізінде жүзеге асырылатын есептіліктің дұрыс ресімделмеуі немесе толық емес топтамасы салдарынан деректерді енгізу немесе өңдеу қателері;

есепке алу жүйелерін дұрыс баптамауға және салықтық, бухгалтерлік және өзге де есепке алу түрлерін жүргізу процестерін автоматтандыруға, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, тәуекелдердің туындауына әкеп соғатын салықтық және қаржылық есептілікті қалыптастыруға байланысты қателер;

салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеуді қоса алғанда және салық есептілігін қалыптастыру кезіндегі есепке алу жүйелеріндегі техникалық іркілістер;

деректердің бұрмалануын, ақпараттың таралып кетуін немесе санкцияланбаған қол жеткізуді тудыратын ақпараттық жүйелердің осалдығын қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері.

11. Тәуекелдің пайда болу ықтималдығын ескеру қажет, ол әртүрлі факторларды, оның ішінде бұрын ұқсас оқиғалардың жиілігін, бизнес-процестердегі, заңнамадағы, сондай-ақ салық төлеушінің қызметіндегі өзгерістерді ескере отырып анықталады.

Тәуекелдердің пайда болу ықтималдығын бағалау кезінде мына өлшемшарттарды ескеру ұсынылады:

1) төмен – мұндай оқиғалар бұрын болмаған және (немесе) оқшауланған, олардың қайталану ықтималдығы минималды;

2) орташа – ұқсас оқиғалар бұрын болған және (немесе) ішкі немесе сыртқы жағдайлар өзгерген кезде болуы мүмкін;

3) жоғары – ұқсас оқиғалар бірнеше рет болды және ықтималдығы жоғары, болашақта қайталануы мүмкін.

Анықталған тәуекелдердің салдарын бағалау кезінде салық төлеуші тәуекелдердің салықтар мен бюджетке төленетін төлемдердің түсуіне, сондай-ақ салықтар мен төлемдерді есептеу мен төлеудің дұрыстығына әсерін ескеруі қажет.

7-тарау. Салық төлеушінің бақылау рәсімдерінің тізбесін қалыптастыруға қойылатын талаптар

12. Салық төлеуші осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау рәсімдерінің тізбесін әзірлейді және қалыптастырады:

1) жүзеге асыру уақыты бойынша:

ескерту – операция жасалғанға дейін орындалады;

анықтау – операция жасалғаннан кейін орындалады.

2) автоматтандыру дәрежесі бойынша:

автоматтандырылған – ақпараттық жүйеде (есепке алу жүйесін қоса алғанда) орындалады;

жартылай автоматты (ІТ-тәуелді) – автоматты түрде орындалады, бірақ қызметкердің қатысуымен (қолмен бастау немесе аяқтау);

қолмен – қызметкер толығымен қолмен орындайды.

13. Салық төлеуші бақылау рәсімдері ретінде:

1) салық төлеушінің уәкілетті қызметкерлері белгілі бір операцияларды немесе әрекеттерді бекітуге және мақұлдауға бағытталған авторландыруды және растауды;

2) құжаттама мен операциялардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін талдау және бағалау жолымен жүзеге асырылатын тексеруді;

3) дұрыстығы мен толықтығын растауға бағытталған ақпаратты салыстыру және талдау арқылы жүзеге асырылатын деректерді салыстырып тексеруді;

4) процестерді дұрыс автоматтандыруды және бақылау рәсімдерін орындауды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерде алгоритмдерді, форматтарды және орындау шарттарын баптау арқылы іске асырылатын ақпараттық жүйелерді баптауды;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау және ішкі бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында жұмыскерлер арасындағы функционалдық міндеттердің аражігін ажыратуды көздейтін өкілеттіктерді бөлуді;

6) жүзеге асырылатын қызметтің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында салық төлеушінің уәкілетті қызметкерлері жүзеге асыратын көрсеткіштерге мониторинг пен талдауды қамтитын заңнаманың сақталуын бақылауды;

7) қол жеткізуді басқаруға, деректердің тұтастығын қамтамасыз етуге және салық төлеушінің ақпараттық жүйелеріндегі өзгерістерді қадағалауға (логирлеу) бағытталған ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін рәсімдерді бақылауды қарастырады.

8-тарау. Тәуекел матрицасын және бақылау рәсімдерін қалыптастыруға қойылатын талаптар

14. Салық төлеуші осы Талаптарға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуекелдер матрицасының және бақылау рәсімдерінің тізбесін қалыптастырады, олар салық салуға байланысты ықтимал тәуекелдер және оларды төмендету немесе болғызбау үшін қабылданатын шаралар (бақылаулар) туралы ақпаратты жүйелеу үшін пайдаланылады.

9-тарау. Орындалатын бақылау арақатынастарының тізбесін қалыптастыруға қойылатын талап

15. Салық төлеуші осы Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер сөресінде орындалатын бақылау қатынастарының тізбесін толтырады.

16. Деректер сөресінде жарияланған әрбір есептілік топтамасында орындалу нәтижелерімен орындалған бақылау қатынастарының есебі (хаттамасы) қамтылады. Бақылау арақатынасы сәтсіз орындалған жағдайда (сәйкессіздіктер болған жағдайда) салық төлеуші себептерін көрсетеді не қажет болған жағдайда құжаттарды қоса бере отырып, түсіндірме береді.

10-тарау. Бақылау рәсімдерін орындау туралы есеп

9.	тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару функцияларын орындайтын басқа бөлімшелер								
----	---	--	--	--	--	--	--	--	--

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда кестеде жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі;

"Бөлімше түрі" деген 2-бағанда бөлімшелердің түрі көрсетіледі;

"Бөлімшенің болуы (иә /жоқ)" деген 3-бағанда салық төлеуші 2-бағанда көрсетілген – "Иә", Жоқ – "жоқ" болған жағдайда толтырады;

"Бөлімшенің атауы" деген 4-бағанда салық төлеуші 2-бағанда көрсетілген бөлімшенің толық атауын толтырады.

2-бағанда көрсетілген тәуекелдерді басқару бөлімшесінің функцияларын салық төлеуші:

"Салық тәуекелдерін сәйкестендіру" деген 5-бағанда;

"Салық тәуекелдерін бағалау" деген 6-бағанда;

"Салық тәуекелдерін азайту/жою" деген 7-бағанда;

"Салық тәуекелдерін құжаттау" деген 8-бағанда "иә", "жоқ" болған жағдайда толтырады;

2-бағанда көрсетілген бақылау рәсімдерін басқару бөлімшесінің функцияларын салық төлеуші:

"Бақылау рәсімдерін әзірлеу" деген 9-бағанда;

"Бақылау рәсімдерін жүргізу" деген 10-бағанда;

"Бақылау рәсімдерінің нәтижелерін құжаттау" деген 11-бағанда болған жағдайда – "иә", болмаған жағдайда - "жоқ" Толтырады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
2-қосымша

Нысан

**Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін
ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттар туралы ақпарат**

Ұйымдастырушылық-өкімдік құжат				
--------------------------------	--	--	--	--

№	Ашылуға жататын мәліметтер	Нөмірі	күні	атауы	Ұйымдастыру шылық-өкімді к құжатты әзірлеуге жауапты бөлімшенің атауы	Құжатқа соңғы өзгеріс/ толықтыру енгізілген күн
1	2	3	4	5	6	7
I-БӨЛІМ. Бақылау ортасы						
1.1.	Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже					
1.2.	Тәуекелдерді басқару туралы ереже					
1.3.	Бухгалтерлік және салықтық есепке алу бөлімшелерінің және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты бөлімшенің ұйымдық құрылымы, өкілеттіктері мен міндеттерін бөлу (ара-жігін ажырату) (Бөлімше туралы ереже)					
II-БӨЛІМ. Тәуекелдерді басқару жүйесі						
2.1.	Салық төлеушінің тәуекелдер тізбесі					
2.2.	Тәуекелдерді анықтау және бағалау әдістері мен тәсілдері					
III-БӨЛІМ. Бақылау рәсімдері						
3.1.	Салық төлеушінің бақылау					

	рәсімдерінің тізбесі					
3.2.	Бақылау рәсімдерін әзірлеу, орындау және құжаттамалық ресімдеу тәртібі					
IV-БӨЛІМ. Ақпараттық жүйелері						
4.1.	Ақпараттық жүйелердің тізбесі және сипаттамасы					
4.2.	Автоматтандыру деңгейі					

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда кестеде жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі;

"Ұйымдастырушылық-өкімдік құжат" бөлімінің "Ашылуға жататын мәліметтер" деген 2-бағанында ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарда ашылуға жататын өлшемшарттар көрсетіледі;

"Ұйымдастырушылық-өкімдік құжат" бөлімінің "Нөмірі" деген 3-бағанында салық төлеуші 2-бағанда көрсетілген ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың нөмірін толтырады;

"Ұйымдастырушылық-өкімдік құжат" бөлімінің "Күні" деген 4-бағанында салық төлеуші 2-бағанда көрсетілген ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың күнін толтырады ;

"Ұйымдастырушылық-өкімдік құжат" бөлімінің "Атауы" деген 5-бағанында салық төлеуші 2-бағанда көрсетілген ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауын толтырады;

"Ұйымдастырушылық-өкімдік құжатты әзірлеуге жауапты бөлімшенің атауы" деген 6-бағанда салық төлеуші ұйымдастырушылық-өкімдік құжатты әзірлеуге жауапты салық төлеуші бөлімшесінің атауын толтырады.

"Құжатқа соңғы өзгеріс/толықтыру енгізілген күн" деген 7-бағанда салық төлеуші құжатқа соңғы өзгеріс/толықтыру енгізілген күнді толтырады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
3-қосымша

Нысан

Салық төлеушінің тәуекелдер тізімі

--	--	--	--	--	--	--	--	--

№	Коды	Тәуекел түрі	Атауы	Сипаттамасы	Байланысты заңнама	Контрагенттер бойынша тәуекел (бар болса)	Контрагенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)	Салық атауы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

жалғасы

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормалары				Салық есептілігі жолының коды	Ықтималдығы	Салдары, мың теңге	Тәуекел санаты (жоғары, орташа, төмен)	Бұрын пайдалану жиілігі	Ескертпе
бап	тармақ	тармақша	абзац						
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда кестеде жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі;

"Коды" деген 2-бағанда салық төлеуші салық төлеушінің ішкі тәртібіне сәйкес тәуекел кодын толтырады;

"Тәуекел түрі" деген 3-бағанда салық төлеуші тәуекел түрін толтырады: әдіснамалық, арифметикалық, процесс;

"Атауы" деген 4-бағанда салық төлеуші тәуекелдің қысқаша атауын толтырады;

"Сипаттамасы" деген 5-бағанда салық төлеуші тәуекелдің толық сипаттамасын толтырады;

"Байланысты заңнама" деген 6-бағанда салық төлеуші тәуекел байланысты нормативтік-құқықтық актіні толтырады;

"Контрагенттер бойынша тәуекел (бар болса)" деген 7-бағанда салық төлеуші жекелеген контрагенттер бойынша тәуекелдер болған жағдайда "Иә" немесе "жоқ" мәнін толтырады;

"Контрагенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)" деген 8-бағанда салық төлеуші жекелеген контрагенттер бойынша тәуекелдер болған жағдайда контрагенттің БСН толтырады (бар болса) ;

"Салық атауы" деген 9-бағанда салық төлеуші тәуекел жататын салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің түрін толтырады;

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормалары/бап" деген 10-бағанда салық төлеуші Қазақстан Республикасы Салық кодексінің тәуекел іске асырылған жағдайда бұзылатын бабын толтырады;

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормалары/тармақ" деген 11-бағанда салық төлеуші тәуекел іске асырылған жағдайда бұзылатын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің тармағын толтырады;

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормалары/тармақша" деген 12-бағанда салық төлеуші тәуекел іске асырылған жағдайда бұзылатын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің тармақшасын толтырады;

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормалары/абзац" деген 13-бағанда салық төлеуші тәуекел іске асырылған жағдайда бұзылатын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің абзацын толтырады;

"Салық есептілігі жолының коды" деген 14-бағанда салық төлеуші салық есептілігі жолының кодын толтырады;

"Ықтималдығы" деген 15-бағанда салық төлеуші тәуекелді іске асыру ықтималдығын бағалауды толтырады. Бағалау салық төлеушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

"Салдары, мың теңге" деген 16-бағанда салық төлеуші тәуекелді іске асыру салдарын мың теңгемен бағалауды толтырады. Бағалау салық төлеушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

"Тәуекел санаты (жоғары, орташа, төмен)" деген 17-бағанда салық төлеуші тәуекел өлшемшартын (деңгейін) үш деңгейлі шкала бойынша бағалауды толтырады. Бағалау салық төлеушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

"Бұрын пайда болу жиілігі" деген 18-бағанда салық төлеуші бұрын тәуекелді іске асыру және туындау жиілігін толтырады;

"Ескертпе" деген 19-бағанда салық төлеуші қосымша ақпаратты көрсету қажет болған жағдайда толтырады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
4-қосымша

Нысан

Салық төлеушінің бақылау рәсімдерінің тізбесі

№	Коды	Атауы	Сипаттамасы	Бақылау рәсімінің түрі	Өткізу жиілігі	Өткізу тәсілі	Бақылау рәсімі орындалатын ақпараттық жүйе (дереккөз)
1	2	3	4	5	6	7	8

Жалғасы

Бақылау рәсімін жүргізуді	Салық есептілігі жолының коды	Бақылау рәсімін орындауға	Бақылау рәсімін орындауға	Бақылау рәсімін орындауды регламенттейтін ұйымның ұйымдастыруш	Ескертпе
---------------------------	-------------------------------	---------------------------	---------------------------	--	----------

растайтын құжаттар		жауапты бөлімше	жауапты тұлғаның лауазымы	ылық-өкімдік құжаттары	
9	10	11	12	13	14

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда кестеде жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі;

"Коды" деген 2-бағанда салық төлеушінің ішкі тәртіпке сәйкес бақылау рәсімінің кодын салық төлеуші толтырады;

"Атауы" деген 3-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімінің қысқаша атауын толтырады;

"Сипаттамасы" деген 4-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін жүргізу тәртібінің толық сипаттамасын толтырады;

"Бақылау рәсімінің түрі" деген 5-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімінің түрін толтырады: әдіснамалық, арифметикалық, процестік;

"Өткізу жиілігі" деген 6-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін өткізу жиілігін толтырады;

"Өткізу тәсілі" деген 7-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін жүргізу тәсілін толтырады (қолмен, IT-тәуелді, автоматтандырылған);

"Бақылау рәсімі орындалатын ақпараттық жүйе (дереккөз)" деген 8-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін жүргізу кезінде қолданылатын ақпараттық жүйені толтырады;

"Бақылау рәсімін жүргізуді растайтын құжаттар" деген 9-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімінің орындалғанын растайтын құжаттарды толтырады;

"Салық есептілігі жолының коды" деген 10-бағанда салық төлеуші дұрыстығына, толықтығына, уақтылы толтырылуына бақылау рәсімі әсер ететін салық есептілігінің жолын толтырады;

"Бақылау рәсімін орындауға жауапты бөлімше" деген 11-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін жүргізуге жауапты салық төлеушінің бөлімшесін толтырады;

"Бақылау рәсімін орындауға жауапты адамның лауазымы" деген 12-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін орындаушыны толтырады;

"Бақылау рәсімін орындауды регламенттейтін ұйымның ұйымдастырушылық - өкімдік құжаттары" деген 13-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімін жүргізуді регламенттейтін салық төлеушінің ішкі нормативтік немесе өкімдік құжаттарын толтырады;

"Ескертпе" деген 14-бағанда салық төлеуші қосымша ақпаратты көрсету қажет болған жағдайда толтырады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
5-қосымша

Нысан

Тәуекел матрицасы және бақылау рәсімдері

Тәуекелдер		Бақылау рәсімдерлері	
Коды	Тәуекелдің атауы	Коды	Атауы
1	2	3	4

Нысанға ескертпе:

"Тәуекелдер "Коды" деген 1-бағанда салық төлеуші салық төлеушінің ішкі тәртібіне сәйкес тәуекел кодын толтырады;

"Тәуекелдер "Тәуекелдің атауы" деген 2-бағанда салық төлеуші тәуекелдің қысқаша атауын толтырады;

"Бақылау рәсімдері "Коды" деген 3-бағанда салық төлеуші салық төлеушінің ішкі тәртібіне сәйкес бақылау рәсімінің кодын толтырады;

"Бақылау рәсімдері "Атауы" деген 4-бағанда салық төлеуші бақылау рәсімінің қысқаша атауын толтырады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
6-қосымша

Нысан

Орындалатын бақылау арақатынастарының тізбесі

№	Салық есептілігінің нысаны	Салық есептілігі жолының коды	Бақылау арақатынасының коды	Бақылау арақатынасының сипаттамасы	1-көрсеткіш (1-дереккөз)	Оператор	2-көрсеткіш (2-дереккөз)
1	2	3	4	5	6	7	8

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда салық төлеуші кестедегі жазбаның реттік нөмірін толтырады;

"Салық есептілігінің нысаны" деген 2-бағанда салық төлеуші бақылау арақатынастары жататын салық есептілігінің нысанын толтырады;

"Салық есептілігі жолының коды" деген 3-бағанда салық төлеуші бақылау арақатынасы жататын салық есептілігі жолының кодын толтырады;

"Бақылау арақатынасының коды" деген 4-бағанда салық төлеуші салық төлеушінің ішкі тәртібіне сәйкес бақылау арақатынасының кодын толтырады;

"Бақылау арақатынасының сипаттамасы" деген 5-бағанда салық төлеуші бақылау арақатынасының сипаттамасын толтырады;

"1-көрсеткіш (1-дереккөз)" деген 6-бағанда – салыстыру жүргізілетін 1-көрсеткіштің сипаттамасы толтырылады;

"Оператор" деген 7-бағанда – теңдік/теңсіздік белгісі көрсетіледі (=; >; <; >; <);

"2-көрсеткіш (2-дереккөз)" деген 8-бағанда – салыстыру жүргізілетін 2-көрсеткіштің сипаттамасы толтырылады.

Салық салу саласындағы ішкі
бақылау жүйесі жөніндегі
ақпарат пен есептерге
қойылатын талаптарға
7-қосымша

Нысан

Бақылау рәсімдерін орындау туралы есеп

№	Бақылау рәсімі							
	Коды	Атауы	Бақылау түрі (ескертуді анықтау)	Өткізу тәсілі (қолмен / IT-тәуелді / автоматтандырылған)	Бақылау рәсімін жүргізуді растайтын құжаттар	Салық есептілігі жолының коды	Бақылау рәсімін орындау (иә / жоқ)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Нысанға ескертпе:

"№" деген 1-бағанда кестеде жазбаның реттік нөмірі көрсетіледі;

"Коды" деген 2-бағанда салық төлеуші салық төлеушінің ішкі тәртібіне сәйкес бақылау рәсімінің коды көрсетіледі;

"Атауы" деген 3-бағанда бақылау рәсімінің қысқаша атауы көрсетіледі;

"Бақылау түрі" деген 4-бағанда бақылау рәсімінің түрі көрсетіледі: ескерту, анықтау ;

"Өткізіу тәсілі" деген 5-бағанда бақылау рәсімін жүргізу тәсілі көрсетіледі: (қолмен, IT-тәуелді, автоматтандырылған);

"Бақылау рәсімін жүргізуді растайтын құжаттар" деген 6-бағанда бақылау рәсімінің орындалуын растайтын құжаттар көрсетіледі;

"Салық есептілігі жолының коды" деген 7-бағанда салық есептілігінің дұрыстығына , толықтығына, уақтылы толтырылуына бақылау рәсімі әсер ететін жолы көрсетіледі;

"Бақылау рәсімін орындау (иә / жоқ)" деген 8-бағанда бақылау рәсімінің орындалуы көрсетіледі;

"Ескертпе" деген 9-бағанда егер "Бақылау рәсімін орындау" деген ашық жолда "жоқ" деп белгіленген жағдайда түсіндірме көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
4-қосымша

Деңгейлес мониторингке қатысу туралы өтініш беру және оны қарау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Деңгейлес мониторингке қатысу туралы өтініш беру және оны қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 147-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және:

салық төлеушінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Деңгейлес мониторингке қатысу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш), оған қоса берілетін құжаттарды;

салық төлеушінің өтініш беру мерзімі мен тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) тарапынан аталған өтінішті қарау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептілік топтамасы – деректер сөресінде жарияланған тиісті есепті салық кезеңі үшін белгілі бір салық түрі немесе бюджетке төленетін төлем бойынша арналған құжаттамалардың жиынтығы.

Есептілік топтамасы салық есептілігін және оның қосымшалары, салық тіркелімдері, оның ішінде жиынтық салық тіркелімдері, аналитикалық салық тіркелімдері (бар болған жағдайда), бухгалтерлік есеп тіркелімдері және (немесе) есеп жүйесінен автоматтандырылған түрде берілетін есептер, құжаттардың электрондық карточкалары түріндегі бастапқы құжаттар, сондай-ақ құжаттардың электрондық көшірмелері, оның ішінде сканерленген машинада оқылатын бастапқы құжаттар түпнұсқаларының көшірмелері кіреді. Аталған құжаттар салық салу объектілерін және (немесе) тиісті салық кезеңі үшін салық салуға байланысты объектілерді айқындау негізі болып табылады;

2) есепке алу жүйесі – қаржылық, салықтық және басқа да есептілікті жасау мақсатында салық төлеушінің активтері, міндеттемелері, капиталы, шаруашылық және басқа да операциялары туралы деректерді жинау, тіркеу және өңдеуге арналған ақпараттық жүйе;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Салық төлеушінің өтініш беру тәртібі

3. Салық төлеуші Комитетке өтінішті деңгейлес мониторингке қатысушы болуды жоспарлаған жылдың алдындағы жылғы 1 маусымды қоса алғанға дейін береді.

4. Салық төлеуші өтінішке:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге салық төлеушінің қызметі туралы ақпаратты;

2) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілген Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ақпарат пен есептерге қойылатын талаптарға (бұдан әрі –

ІБЖ талаптар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін реттейтін, көзделген ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарды қоса алғанда, ІБЖ талаптарына 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ақпарат пен есептерді ;

3) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Деңгейлес мониторингке қатысу үшін салық төлеушінің деректер сөресін ұйымдастыруға қойылатын ең төменгі талаптарға (бұдан әрі – ДС-не қойылатын ең төменгі талаптар) сәйкес осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық төлеушінің деректер сөресі туралы ақпаратты;

4) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген салықтық есептіліктің көрсеткіштерін ашып көрсетуге, сондай-ақ олардың салықтық, бухгалтерлік тіркелімдердің және салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттардың көрсеткіштерімен өзара байланысына қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес осы Қағидалардың 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша деңгейлес мониторингке қатысу туралы өтінішке қоса берілетін салықтар мен төлемдер бойынша салықтық есептіліктің көрсеткіштерін ашып көрсету және олардың салықтық, бухгалтерлік тіркелімдердің және салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға негіз болып табылатын өзге де құжаттардың көрсеткіштерімен өзара байланысы сипаттамасын (бұдан әрі – салық есептілігінің көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төменгі Талаптар) қоса береді.

Салық төлеуші салық есептілігінің, салықтық және бухгалтерлік тіркелімдердің көрсеткіштерін, сондай-ақ бастапқы құжаттарды салық есептілігінің көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төменгі Талаптарға сәйкес және жүзеге асырылатын қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып ашады. Егер салық есептілігінің, салықтық және бухгалтерлік тіркелімдердің жекелеген көрсеткіштері, сондай-ақ бастапқы құжаттары нақты шаруашылық операцияларына және (немесе) салық төлеушінің қызметіне қолданылмаса, олардың қолданылмау себептері мен тиісті негіздемелері осы Қағидаларының 5, 6 және 7-қосымшасында көзделген салықтық, бухгалтерлік тіркелімдер көрсеткіштері мен бастапқы құжаттарды ашудың сипаттамасы бойынша нысандарда көрсетіледі.

5. Салық төлеуші өтініш пен осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес қоса берілген құжаттарды салық төлеуші деңгейлес мониторинг қатысушы болуды жоспарлаған жылдың алдындағы жылдың 1 маусымын қоса алғанға дейін қағаз және электронды нысандағы құжатты Комитетке ұсынады.

6. Ұсынылған өтініш осы Қағидалардың 1-қосымшасына нысанға сәйкес келмеген және өтініш осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілген жағдайда, Комитет өтініш келіп түскен күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде

салық төлеушіге өтініш пен осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қараудан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

3-тарау. Өтінішті қарау тәртібі

7. Комитет өтінішті қарау барысында құжаттардың толық толтырылғаны мен ұсынылғандығын, сондай-ақ:

1) өтініш берілген күндегі салық төлеушінің қызметі туралы ақпараттың осы Қағидалардың 2-қосымшасында көзделген нысанға;

2) ІБЖ талаптарының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін реттейтін, көзделген ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарды қоса алғанда салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ақпарат пен есептерді ІБЖ талаптарының 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларында көзделген нысандарға;

3) деректер сөресінің ұйымдастырылуы туралы ақпараттың осы Қағидалардың 3 және 4-қосымшасына және Деректер сөресіне қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігін.

Деректер сөресінің функционалдарын және олардың осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру тестілеу немесе өнімділік стендте деректер сөресін көрсету арқылы, алдыңғы салық кезеңдеріне жарияланған есептілік топтамасы деректері негізінде жүргізіледі.

Деңгейлес мониторинг туралы келісім (бұдан әрі – келісім) салық төлеуші деректер сөресін өндірістік пайдалануға енгізгеннен кейін жасалады.

Салық төлеуші деректер сөресін өндірістік пайдалануға енгізу туралы құжатты осы Қағидалардың 8-қосымшасының нысанына қол қойылғанға дейін Комитетке ұсынылады;

4) деңгейлес мониторингке қатысу туралы өтінішке қоса берілген салықтар мен төлемдер бойынша салықтық есептіліктің көрсеткіштерін ашып көрсету және олардың салықтық, бухгалтерлік тіркелімдердің және салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға негіз болып табылатын өзге де құжаттардың көрсеткіштерімен өзара байланысы сипаттамасының осы Қағидалардың 5, 6 және 7-қосымшаларына және Салық есептілігінің көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкестігін тексереді.

8. Өтініш пен осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес тіркелген құжаттардың толық ұсынылмауы және дұрыс толтырылмауы анықталған жағдайда, Комитет олардың келіп түскен күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде салық төлеушіге оларды жою қажеттігі туралы хат жолдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген хатта салық төлеуші ұсынған құжаттарда Комитет анықтаған талаптарға сәйкессіздіктер, оларды жою мерзімі, сондай-ақ:

хатқа белгіленген мерзімде жауап берілмеген;

анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған;

салық төлеушінің осы бұйрыққа 5-қосымшаға Деңгейлес мониторинг туралы шарт жасасу және бұзу қағидаларына сәйкес келісім жасалатын жеке салық төлеушілер санатына жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда салдары қамтылуы тиіс.

9. Салық төлеуші мұндай хатты алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Комитетке:

анықталған барлық сәйкессіздіктерді жою туралы хат;

келіспеушілік туралы негіздемесі бар түсіндірме жолдайды.

Салық төлеуші растайтын құжаттарды қоса береді.

10. Комитет осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мерзімнің аяқталған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген жағдайларда, өтінішті қараудан бас тарту туралы салық төлеушіге жазбаша нысанда хабарлайды.

11. Комитет өтініш түскен күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкессіздіктер анықталған жағдайда салық төлеушіге оларды жою қажеттігі туралы хат жолдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген хатта салық төлеуші ұсынған құжаттарда Комитет анықтаған талаптарға сәйкессіздіктер, оларды жою мерзімі, сондай-ақ:

хатқа белгіленген мерзімде жауап берілмеген;

анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған жағдайда салдары қамтылуы тиіс.

Талаптарға анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімі өтініш берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қазанынан аспауы тиіс.

12. Салық төлеуші осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген хатты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Комитетке:

талаптарға анықталған барлық сәйкессіздіктерді жою туралы хат;

келіспеушілік туралы негіздемесі бар түсіндірме жолдайды.

Салық төлеуші анықталған талаптарға сәйкессіздіктерді жою мерзімін ұзарту қажеттігі туралы хат ұсынған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім Комитетпен арыз берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қазанынан аспайтын мерзімге ұзартылуға жатады.

Салық төлеуші растайтын құжаттарды қоса береді.

13. Комитет осы Қағидалардың 12-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің аяқталған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 11-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда өтінішті қараудан бас тартады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі, осы Қағидалардың 12-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайға қолданылмайды.

14. Егер осы Қағидалардың 12-тармағының екінші бөлігіне сәйкес ұзартылған анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімдері өтініш берілген жылдан кейінгі жылға ауысқан жағдайда, онда өтініш пен құжаттарды қарау, сондай-ақ келісімге қол қою өтініш берілген жылдан кейінгі жылы жүзеге асырылады.

15. Барлық анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін салық төлеуші өтініш пен құжаттар қаралып жатқан жылдың 1 қарашасына дейін Комитетке хабарлайды.

16. Өтініш пен құжаттар қаралған соң, бірақ өтініш пен құжаттар қаралып жатқан жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей, Комитет осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысанға қол қояды.

17. Комитет құжаттарды толтыру мен ұсынудың толықтығы тұрғысында өтініш пен құжаттарға, сондай-ақ Комитет бекіткен талаптарға сәйкестігіне жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысанға қол қойылған жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей:

Салықтық тіркелімдерінің көрсеткіштерін ашудағы өзгерістер мен толықтырулар

№	Салық есептілігінің жолының атауы	Ең төменгі талаптар бойынша көрсеткіштің атауы	Деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтер				Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтырулар			
			Салық төлеушідегі салықтық тіркелімдердің атауы	Салық төлеушідегі көрсеткіштің атауы	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескеріп көрсеткіштің қолданылуы	Түсіндірме / қолданылмау себебі	Салық төлеушідегі салықтық тіркелімдердің атауы	Салық төлеушідегі көрсеткіштің атауы	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескеріп көрсеткіштің қолданылуы	Түсіндірме / қолданылмау себебі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескерту:

нысанның 1-бағанда "№" реттік нөмір көрсетіледі;

нысанның 2-бағанда "Салық есептілігінің жолының атауы" салық есептілігінің жолын ашатын ақпарат көрсетіледі;

нысанның 3-бағанда "Ең төменгі талаптар бойынша көрсеткіштің атауы" салық есептілікті ашудың ең төменгі Талаптарына сәйкес салық есептіліктің жолын ашатын салықтық тіркелімдердің расталатын көрсеткіштерінің тізімі толтырылады;

нысанның 4, 5, 6 және 7-бағандарында салық төлеуші деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтерді толтырады;

нысанның 8, 9,10 және 11-бағандарында салық төлеуші Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды толтырады.

Ақпараттық өзара іс-қимыл
регламентіне қосымша

Нысан

Бухгалтерлік тіркелімдерінің көрсеткіштерін ашудағы өзгерістер мен толықтырулар

		Ең төменгі талаптар бойынш	Деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтер				Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтырулар			
			Салық төлеуші дегі бухгалтерлік тіркелім	Салық төлеуші дегі	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып	Түсіндірме / қолданылмау себебі	Салық төлеуші дегі бухгалтерлік тіркелім	Салық төлеуші дегі	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып	Түсіндірме / қолданы

№	есептілігінің жолының атауы	а көрсеткіштің атауы	дердің атауы	көрсеткіштің атауы	көрсеткіштің қолданылуы		дердің атауы	көрсеткіштің атауы	көрсеткіштің қолданылуы	лмау себебі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескерту:

нысанның 1-бағанда "№" реттік нөмір көрсетіледі;

нысанның 2-бағанда "Салық есептілігінің жолының атауы" салық есептілігінің жолын ашатын ақпарат көрсетіледі;

нысанның 3-бағанда "Ең төменгі талаптар бойынша көрсеткіштің атауы" салық есептілікті ашудың ең төменгі Талаптарына сәйкес салық есептіліктің жолын ашатын бухгалтерлік тіркелімдердің расталатын көрсеткіштерінің тізімі толтырылады;

нысанның 4, 5, 6 және 7-бағандарында салық төлеуші деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтерді толтырады;

нысанның 8, 9,10 және 11-бағандарында салық төлеуші Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды толтырады.

Ақпараттық өзара іс-қимыл
регламентіне қосымша

Нысан

Бастапқы құжаттарды ашудағы өзгерістер мен толықтырулар

№	Салық есептілігінің жолының атауы	Ең төменгі талаптарға сәйкес деректер сөресінде ашуға жататын бастапқы құжаттың атауы	Деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтер			Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтырулар		
			Салық төлеушідегі деректер сөресінде ашуға жататын бастапқы құжаттың атауы	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып бастапқы құжаттардың қолданылуы	Түсіндірме / қолданылмау себебі	Салық төлеушідегі деректер сөресінде ашуға жататын бастапқы құжаттың атауы	Салық төлеушінің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып бастапқы құжаттардың қолданылуы	Түсіндірме / қолданылмау себебі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескерту:

нысанның 1-бағанда "№" реттік нөмір көрсетіледі;

нысанның 2-бағанда "Салық есептілігінің жолының атауы" салық есептілігінің жолын ашатын ақпарат көрсетіледі;

нысанның 3-бағанда "Ең төменгі талаптарға сәйкес деректер сөресінде ашуға жататын бастапқы құжаттың атауы" салық төлеуші салықтық және бухгалтерлік есеп тіркелімдердің деректерін, салық есептілік нысаның тиісті жолын деректер сөресінде ең төменгі Талаптарға сәйкес ашу үшін қажетті бастапқы құжаттардың атауын толтырады;

нысанның 4, 5 және 6-бағандарында салық төлеуші деңгейлес мониторингке кіру үшін өтініш берілген күндегі мәліметтерді толтырады;

нысанның 7, 8 және 9-бағандарында салық төлеуші Деңгейлес мониторинг туралы келісімге қол қойылғаннан кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды толтырады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
6-қосымша

Деңгейлес мониторинг жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Деңгейлес мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 148-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және деңгейлес мониторингті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) және деңгейлес мониторингке қатысушының іс-қимылдарының реттілігін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда негізгі пайдаланылатын ұғымдар:

1) есептілік топтамасы – деректер сөресінде жарияланған тиісті есепті салық кезеңі үшін белгілі бір салық түрі немесе бюджетке төленетін төлем бойынша арналған құжаттамалардың жиынтығы.

Есептілік топтамасы салық есептілігін және оның қосымшалары, салық тіркелімдері, оның ішінде жиынтық салық тіркелімдері, аналитикалық салық тіркелімдері (бар болған жағдайда), бухгалтерлік есеп тіркелімдері және (немесе) есеп жүйесінен автоматтандырылған түрде берілетін есептер, құжаттардың электрондық карточкалары түріндегі бастапқы құжаттар, сондай-ақ құжаттардың электрондық көшірмелері, оның ішінде сканерленген машинада оқылатын бастапқы құжаттар түпнұсқаларының көшірмелері кіреді. Аталған құжаттар салық салу объектілерін және (немесе) тиісті салық кезеңі үшін салық салуға байланысты объектілерді айқындау негізі болып табылады;

2) деңгейлес мониторингке қатысушы – Комитетпен Деңгейлес мониторинг және ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті туралы келісім (бұдан әрі – келісім) жасаған салық төлеуші.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Деңгейлес мониторинг Салық кодексінің 14-тарауының 2-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қатысушы мынадай салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді:

- 1) корпоративтік табыс салығы;
- 2) қосылған құн салығы;
- 3) жеке табыс салығы;
- 4) әлеуметтік салық;
- 5) мүлік салығы;
- 6) жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері мен салықтары;
- 7) акциз.

Көрсетілген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер тізбесі түпкілікті болып табылмайды және деңгейлес мониторинг туралы келісімде толықтырылады.

5. Деңгейлес мониторингті жүзеге асыру деңгейлес мониторинг туралы келісім жасалған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады.

Деңгейлес мониторинг жүргізілетін есепті кезең күнтізбелік жыл (бұдан әрі – мониторингтің есепті кезеңі) болып табылады.

6. Мониторингтің есепті кезеңіндегі деңгейлес мониторинг көрсетілген кезең ішінде де, ол аяқталғаннан кейін де, бірақ мониторингтің тиісті есепті кезеңі аяқталған жылдан кейінгі екінші жылдың 30 маусымынан кешіктірілмей жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін мониторингтің есепті кезеңіне қатысты деңгейлес мониторинг тоқтатылады.

7. Есепті кезеңнің деңгейлес мониторингін жүргізуді тоқтату мерзіміне дейін деңгейлес мониторинг туралы келісім бұзылған жағдайда, осы есепті кезең үшін салықтық әкімшілендіру жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2-тарау. Деңгейлес мониторинг жүргізу тәртібі

1-параграф. Есептілік топтамасын жариялау және сұрау салуларды жолдау тәртібі

8. Қатысушы есептілік пакетін салық есептілігі табыс етілгеннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей деректер сөресінде жариялауды қамтамасыз етеді.

Бухгалтерлік есеп шоттарын ашумен айналым-сальдо ведомосы қосылған құн салығы бойынша кезекті салық есептілігіне есептілік пакетімен бір мезгілде өспелі

қорытындысы (тоқсан, жарты жыл, тоғыз ай, жыл) бар деректер сөресінде жариялануға тиіс.

Қатысушының қаржылық есептілігі оны шығару күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде деректер сөресінде орналастырылуға тиіс.

9. Деңгейлес мониторинг жүргізу барысында Комитет салық, бухгалтерлік және есепке алудың өзге де түрлерінің ақпараттары мен құжаттарына, бастапқы құжаттарға, сондай-ақ салық органдарында бар қатысушының қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерге талдау жүргізеді.

10. Комитет қатысушыдан деңгейлес мониторинг жүргізу үшін қажетті қосымша ақпаратты, түсіндірмелерді және (немесе) құжаттарды (бұдан әрі – сұрау салу) сұратады.

Қатысушының сұрау салуға жауап беруі оны алған күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сұрау салуды алған күн сұрау салуды жіберген күннен кейінгі келесі жұмыс күні болып табылады.

Сұрау салуды орындау мерзімі қатысушы осындай сұрау салуды орындауды ұзарту туралы өтініш жасаған кезде 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады. Мұндай сұрау салуды орындау мерзімін ұзарту туралы себептерді негіздей отырып, өтініш оны орындау мерзімі аяқталғанға дейін жіберіледі.

Сұрау салу және олар бойынша жауап беру бойынша ақпараттық өзара іс-қимыл "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен салық төлеуші арасында ақпарат пен құжаттар алмасу" деректер сөресінің функционалы арқылы еркін нысанда жүзеге асырылады.

Егер қатысушы сұрау салуға жауапты толық көлемде ұсынбаса, оны ұзарту құқығынсыз Комитет орындау мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайтын қайта сұрау салуды жолдайды.

11. Деңгейлес мониторинг жүргізу барысында Комитет шет мемлекеттерге, басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарға, банк ұйымдарына сұрау салулар жолдайды, сондай-ақ Салық кодексінің 157-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қарсы салықтық тексерулер жүргізеді.

Шет мемлекеттерге, басқа да уәкілетті мемлекеттік органдарға, банк ұйымдарына сауалдар жолдау және қарсы тексеру жүргізу деңгейлес мониторинг жүргізуді тоқтатпайды.

2-параграф. Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша, сондай-ақ қатысушының қызметі туралы ақпарат пен есептерді ұсыну тәртібі

12. Деңгейлес мониторинг жүргізу барысында Комитет осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілген Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпаратқа және есептерге қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша деректер сөресінде қатысушы

орналастырған ақпарат пен есептерді, сондай-ақ қатысушының күнтізбелік жыл үшін қызметі туралы болған өзгерістер туралы ақпаратты пайдаланады.

Комитет көрсетілген ақпарат пен есептер бойынша түсіндірме сұратады.

13. Қатысушы салық салу саласындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын орындайтын бөлімшелер бойынша және Талаптарға 1 және 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша бұрын ұсынылған ақпаратта көрсетілген ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ұйымдық-өкімдік құжаттарда деректерді өзгерткен және (немесе) толықтырған кезде Комитетке өзгертілген ақпаратты осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ұсынады.

14. Қатысушы тоқсан сайын деректер сөресінде тәуекелдер, бақылау рәсімдері және тәуекелдер мен бақылау рәсімдерінің матрицасы бойынша есептерді Талаптарға 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тоқсан немесе жыл үшін есептіліктің бірінші топтамасы жарияланғанға дейін 10 (он) жұмыс күні мерзімінде жариялайды.

15. Қатысушы Талаптарға 3, 4 және 5 – қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есептерді және Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалатын бақылау арақатынасы туралы есепті тоқсанына кемінде бір рет жаңарту қажеттілігіне тұрақты негізде мониторинг және бағалау жүргізеді.

Талаптарға 3, 4 және 5 – қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бұрын жарияланған есептерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде қатысушы оларды осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар жүргізілген тоқсаннан кейінгі айдың 30 (отызыншы) күнінен кешіктірмей деректер сөресінде жариялайды.

16. Талаптарға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау рәсімдерін орындау туралы есептің деректер сөресінде жариялауды қатысушы тоқсан сайын, тоқсан үшін есептілік пакеті жарияланған күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

17. Қатысушы талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалатын бақылау қатынастарының бұрын орналастырылған тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде оны осындай өзгерістер мен толықтырулар жататын есептілік пакеті жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде деректер сөресіне орналастырады.

18. Қатысушы корпоративтік табыс салығы бойынша есептілік топтамасын жариялаумен бір мезгілде күнтізбелік жылдағы қатысушының қызметі туралы болған өзгерістер бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпаратты жыл сайын деректер сөресіне орналастырады.

19. Комитет деңгейлес мониторинг жүргізу шеңберінде қатысушының орналасқан жері және (немесе) қызметін жүзеге асыру бойынша салық міндеттемесін есептеудің

дұрыстығына қол жеткізу мақсатында салықтық, бухгалтерлік, өндірістік және өзге де есепке алу түрлерінің дұрыстығын қамтамасыз ететін қатысушының қызметін, сондай-ақ оның бизнес-процестерін зерделеуді және талдауды жүзеге асырады.

3-параграф. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған алшақтықтарды қарау тәртібі

20. Комитет камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтар анықтаған кезде камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған алшақтықтар туралы хабарлама қалыптастырады.

21. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтар анықталған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде Комитет деректер сөресінде орналастырылған ақпаратқа және құжаттарға талдау жүргізеді.

Қажет болған жағдайда қатысушыға осындай алшақтықтар анықталған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қосымша құжаттар және (немесе) түсініктемелер беру туралы сұрау салу жолдайды.

22. Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтар расталмаған кезде Комитет 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай хабарламаның күшін жою туралы шешім қабылдайды.

23. Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша салықтар мен төлемдер бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтар расталған кезде Комитет 10 (он) жұмыс күні ішінде қатысушыға салық міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар (бұдан әрі – салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдар) жолдайды.

24. Егер камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарлама деңгейлес мониторинг туралы келісімнің бұзылуына байланысты салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдар жіберілмеген деңгейлес мониторинг тоқтатылған күнге дейін қалыптастырылса, онда мұндай хабарлама қатысушыға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен орындау үшін ұсынылады.

25. Осы параграфтың ережелері Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын салықтар мен төлемдер бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарға, сондай-ақ бұрын бюджеттен қайтарылған қосылған құн салығының асып кету сомасы расталмаған анықталған бұзушылықтар бөлігінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаларға қолданылмайды.

4-параграф. Салық міндеттемесін орындау мәселелері жөніндегі деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар жолдау тәртібі

26. Комитет мониторингтің есепті кезеңінде деңгейлес мониторинг жүргізу барысында Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтар анықталған

кезде қатысушыға Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылық фактісі туралы куәландыратын негіздемелер мен дәлелдерді сипаттай отырып, осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдарды дербес жою үшін жолдайды.

Салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдарды есепке алу деңгейлес мониторинг жүргізу басталған күннен бастап өтпелі нөмірлеуді бере отырып, журналда жүргізіледі.

27. Қатысушы салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдар табыс етілген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

1) көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – анықталған бұзушылықтар жататын салық кезеңі үшін қосымша салық есептілігін ұсынады және бұл туралы Комитетке хабарлайды;

2) осындай ұсынымдарда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдар бойынша түсініктеме береді.

28. Комитет салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдарға қатысушының түсіндірмесін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

1) берілген түсіндірмемен келіскен жағдайда – қатысушыға осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірмемен келісу туралы хабарлама табыс етеді;

2) ұсынылған түсіндірмемен келіспеген жағдайда – қатысушымен қосымша талқылау жүргізеді.

Комитет пен қатысушы арасында қосымша талқылауды ұйымдастыру бойынша өзара іс-қимыл деректер сөресінің ақпарат алмасу функционалы арқылы жүзеге асырылады.

29. Қосымша талқылау өткізілген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) түсіндірмелермен келіскен жағдайда Комитет қатысушыға осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама табыс етеді;

2) салық міндеттемесін орындау мәселелері жөніндегі ұсыныммен толық немесе ішінара келіскен жағдайда қатысушы қосымша салық есептілігін табыс етеді;

3) егер келіспеушіліктер жойылмаған жағдайда, Комитет деңгейлес мониторингке қатысушымен осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша талқылау нәтижелері бойынша келіспеушілік хаттамасын жасайды.

30. Деңгейлес мониторинг туралы келісім бұзылғанға дейін салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша қатысушыға жіберілген ұсынымдар осы Қағидалардың 4-параграфына сәйкес орындалуға тиіс.

5-параграф. Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар жіберу тәртібі

31. Деңгейлес мониторинг жүргізу барысында Комитет қатысушыға осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар (бұдан әрі – салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдар) ұсынуға құқылы.

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды есепке алу деңгейлес мониторинг жүргізу басталған күннен бастап өтпелі нөмірлеуді бере отырып, журналда жүргізіледі.

32. Қатысушы салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдар табыс етілген күннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Комитетке:

1) салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдармен келіскен жағдайда - оларды іске асыру мерзімдері көрсетілген хат.

Қажет болған жағдайда салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдері тараптардың келісімі бойынша ұзартылады;

2) келіспеген жағдайда – мұндай ұсынымдарға еркін нысандағы түсіндірме ұсынады

33. Комитет салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарға қатысушының түсіндірмесін алған күннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

1) ұсынылған түсіндірмемен келіскен жағдайда – қатысушыға түсіндірмемен келіскені туралы хабарлама ұсынады;

2) ұсынылған түсіндірмемен келіспеген жағдайда қатысушымен қосымша талқылау жүргізеді.

Комитет пен қатысушы арасында қосымша талқылауды ұйымдастыру бойынша өзара іс-қимыл деректер сөресімен ақпарат алмасу функционалы арқылы жүзеге асырылады.

34. Қосымша талқылау өткізілген күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) түсіндірмелермен келіскен жағдайда Комитет қатысушыға осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама ұсынады;

2) салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдармен толық немесе ішінара келіскен жағдайда қатысушы оларды іске асыру мерзімдері көрсетілген хатты ұсынады.

3) егер келіспеушіліктер жойылмаған жағдайда, Комитет деңгейлес мониторингке қатысушымен осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қосымша талқылау нәтижелері бойынша келіспеушілік хаттамасын жасайды.

6-параграф. Келіспеушілік хаттамасын ресімдеу тәртібі

35. Егер қосымша талқылау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер толық немесе ішінара жойылмаса, Комитет келіспеушілік хаттамасын жасайды, оған Комитеттің және қатысушының уәкілетті лауазымды адамдары қол қояды.

Келіспеушілік хаттамасы қосымша талқылау жүргізілгеннен кейін осы бұйрыққа 10 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жасалады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде деңгейлес мониторингке байланысты мәселелерді қарау жөніндегі Консультативтік кеңестің (бұдан әрі – Консультативтік кеңес) қарауына ұсынылады.

7-параграф. Консультативтік кеңестің деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдарды қарау тәртібі

36. Консультативтік кеңес Салық кодексінің 148-бабы 5-тармағының бесінші бөлігінде көзделген тәртіппен қалыптастырылады.

37. Консультативтік кеңес келіспеушілік хаттамасында көрсетілген мәселелерді қарау қорытындылары бойынша деңгейлес мониторинг бойынша мынадай:

1) салық міндеттемесін орындау және (немесе) салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту мәселелері бойынша ұсынымдарды өзгеріссіз қалдыру туралы;

2) салық міндеттемесін орындау және (немесе) салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін толығымен немесе ішінара жақсарту мәселелері бойынша ұсынымдарды жою туралы уәжді шешімдердің бірін (бұдан әрі – уәжді шешім) қабылдайды.

Уәжді шешім қатысушыға осындай шешім қабылданған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде табыс етіледі.

38. Қатысушы:

1) уәжді шешіммен келіспеген жағдайда Комитетке бұл туралы осындай шешім берілген күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлайды;

2) уәжді шешіммен келіскен жағдайда:

салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша – осындай шешім табыс етілген күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осындай шешімді орындайды;

салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша – оны іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, осындай шешімді орындайды, бұл туралы Комитетке осындай шешім табыс етілген күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде еркін нысанда хабарлайды.

39. Салық міндеттемесін орындау және (немесе) мұндай шешімді орындамау мәселелері бойынша уәжді шешіммен келіспеген жағдайда тақырыптық салықтық тексеру жүргізіледі.

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту және (немесе) мұндай шешімді орындамау мәселелері бойынша уәжді шешіммен келіспеген жағдайда

Комитет Консультативтік кеңеске деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу туралы мәселені шығарады.

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды орындау мерзімдері мониторингтің есепті кезеңіне қатысты деңгейлес мониторингті тоқтату мерзімін өзгертпейді.

8-параграф. Консультативтік кеңестің Келісімді бұзу туралы мәселені қарау тәртібі

40. Консультативтік кеңестің қарауына:

1) қатысушының осы Қағидалардың 27-тармағында айқындалған мерзімдерде күнтізбелік жыл ішінде жиынтығында 20 (жиырма) жұмыс күнінен астам салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша ұсынымдарды орындамаған;

2) қатысушы осы Қағидалардың 10-тармағында белгіленген мерзімдерде Комитет жолдаған сұрау салуларды күнтізбелік жыл ішінде жиынтығында 20 (жиырма) жұмыс күнінен астам орындамаған;

3) осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде есептілік топтамасын және (немесе) айналым-сальдо ведомосін жарияламаған, сондай-ақ Салық есептілігі көрсеткіштерін ашуға қойылатын ең төмен талаптарға, сондай-ақ олардың салық, бухгалтерлік тіркелімдер және осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау үшін негіз болып табылатын өзге де құжаттар көрсеткіштерімен өзара байланыстарына сәйкес есептілік топтамасын аспаған және (немесе) толық аспаған.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлар күнтізбелік жыл ішінде жиынтығында 20 (жиырма) жұмыс күнінен асатын мерзімде деңгейлес мониторинг жүргізу мүмкін болмауына әкеп соғатын кедергілер туындаған кезде қолданылады;

4) деректер сөреде орналастырылған және (немесе) қатысушы Комитеттің сұрау салуы бойынша дәйексіз (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынған, сондай-ақ 2 (екі) реттен артық жарамсыз және (немесе) жалған болып табылатын құжаттар анықталған жағдайда;

5) қатысушы осы Қағидалардың 2-параграфында белгіленген мерзімдерде салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесі бойынша ақпаратты және есептерді орналастыру және (немесе) жариялау жөніндегі талаптарды күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) реттен артық орындамаған және (немесе) уақтылы орындамаған;

6) қатысушыға қатысты оңалту немесе банкроттық, тарату, біріктіру, қосу, бөлу, бөліну, төлем қабілетсіздігін реттеу жолымен қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізген;

7) қатысушының кінәсінен күнтізбелік жыл ішінде жиынтығында 20 (жиырма) жұмыс күні асатын кезеңде техникалық себептер бойынша деректер сөресіне қолжетімділікті ұсынбаған немесе толық ұсынбаған;

8) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген деңгейлес мониторингке кіру үшін салық төлеушінің

деректер сөресіне ұйым бойынша ең төменгі талаптарға сәйкес деректер сөресін сәйкес келтірмеген;

9) салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту және (немесе) мұндай шешімді орындамау мәселелері бойынша уәжді шешіммен келіспеген жағдайларда деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу туралы мәселе шығарылады.

Осы тармақтың 2), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді есептеу кезінде деректер сөресінде туындаған, осы тармақтың аталған тармақшаларының орындалмауына әкеліп соққан деңгейлес мониторинг қатысушыда құжатпен расталған техникалық себептер ескеріледі.

41. Осы параграфта көрсетілген жағдайлар туындаған кезде Комитет 5 (бес) жұмыс күні ішінде негіздеме жасайды және ол жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Консультативтік кеңеске деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу туралы мәселені қарау үшін енгізеді.

Мәселелерді қарау қорытындысы бойынша Консультативтік кеңес:

деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу туралы;

келісімді бұзудан бас тарту туралы уәжді шешім шығарады.

42. Деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу деңгейлес мониторинг жүргізілген салық кезеңдері үшін салықтар мен төлемдер бойынша деңгейлес мониторинг нәтижелерін жоймайды.

9-параграф. Қорытынды ережелер

43. Қатысушы мониторингтің есепті кезеңіне кіретін салық кезеңдері үшін мониторингтің есепті кезеңінде деңгейлес мониторинг жүргізу тоқтатылғанға дейін 3 (үш) айдан аз уақыт бұрын қосымша салық есептілігін ұсынған кезде, деңгейлес мониторинг бұл туралы қатысушыны хабардар етпей, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

44. Комитет:

1) қатысушы мониторингтің көрсетілген есепті кезеңіне кіретін салық кезеңдері үшін қосымша салық есептілігін ұсынған;

2) деңгейлес мониторинг жүргізу кезеңінде Комитет жолдаған сұрау салуларға жауаптар алған;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасының құжатпен расталған болжамды бұзушылықтарын көрсететін қатысушының қызметі туралы мәліметтер алынған кезде деңгейлес мониторинг жүргізу тоқтатылған мониторингтің есепті кезеңі үшін күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күннен аспайтын мерзімге деңгейлес мониторинг жүргізуді қайта бастайды.

Деңгейлес мониторинг осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттар мен мәліметтерде көрсетілген мәселелер шеңберінде қайта басталады.

45. Осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушыға деңгейлес мониторинг жүргізуді қайта бастау туралы хабарлама жіберілген күн деңгейлес мониторинг жүргізуді қайта бастау күні болып табылады.

Деңгейлес мониторинг
жүргізу қағидаларына қосымша

НЫСАН

_____ жыл үшін деңгейлес мониторингке қатысушының қызметі туралы ақпарат

Деңгейлес мониторингке қатысушының атауы:
Толтыру күні:

№	Сұрақ	Ақпаратты ашу
1	2	3
1.	Қатысушының экономикалық қызметінде айтарлықтай өзгерістер, оның ішінде: қаржы-шаруашылық операцияларының жаңа түрлерін жүргізу, оның ішінде негізгі қызмет шеңберінде жаңа өнім шығару (егер қаржы-шаруашылық операциясының сомасы жылдық жиынтық кірісінің 5%-дан астамын құраған жағдайда көрсетіледі); жаңа өткізу нарықтарына шығу; қатысушы өндіретін негізгі өнімді өткізуге жаңа сатып алушылармен келісімшарттар жасасу; өндірісті немесе өндіруді консервациялау немесе тоқтату; жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттан лицензиялық режимге көшу; жер қойнауын пайдалануға жаңа лицензиялар алу; инвестициялық басым жобаларды жүзеге асыруға келісімшарт жасасу болды ма	2-бағандағы мәселелерге сәйкес деңгейлес мониторингке қатысушы толтырады
2.	Қатысушының есепті кезеңде қандай да бір қайта құруды (бірігу немесе қосылу немесе бөлу немесе бөліну, қайта құру) жүзеге асырды ма	
3.	Амортизацияға жатпайтын активтерді қоса алғанда, активтерді сатып алуға және (немесе) иеліктен шығаруға	

	байланысты жылдық жиынтық кірістің 3%-нан асатын сомаға мәмілелер жүзеге асырылды ма	
4.	Бухгалтерлік есепке алуда жылдық жиынтық кірістің 0,1% - дан астам сомасына (бірақ 1 миллиард теңгеден кем емес) елеулі операциялар туралы ақпаратты (олар болған жағдайда) ұсыну, оның ішінде: бүлінуіне/жоғалуына байланысты тауар-материалдық қорларны бір реттік есептен шығару; шығындарды тану; контрагенттермен өзара есеп айырысу; конструктивті дивидендтер	
5.	Қатысушының есепті кезеңде тауарларды (шикізат пен материалдарды, негізгі құралдарды қоспағанда), жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша жылдық жиынтық кірістің 0,1% -нан астам, бірақ 1 млрд теңгеден кем емес сомаға ірі мәмілелерді жүзеге асырды ма Егер болса, көрсетіңіз (контрагенттің атауын, тауарлар, жұмыс, қызметтер түрін, сатып алу құны мен мақсатын ашып көрсетіңіз)	
6.	Өткен жылмен салыстырғанда есепті жылы өндіріс көлемі, кірісі, өзіндік құны, жалпы әкімшілік шығыстар, тау-кен салығы бойынша салық базасы қалай өзгерді, өзгерістердің себебіне қатысты түсініктемелер (тек 10% - дан астам өзгерістер бойынша деректерді ашу қажет)	
7.	Жылдық жиынтық кірістің 1%-нан астам, бірақ 10 миллиард теңгеден кем емес сомаға дивидендтер төлеу (өзара есепке алу) жүзеге асырылды ма	
8.	Есепті кезеңде қатысушының салық және бухгалтерлік есепке алуының арасындағы негізгі елеулі айырмашылықтар қандай (өз мөлшері бойынша есепті кезеңдегі қатысушының жылдық жиынтық кірісінің 5% асатын	

	және кейінгі сұрақта көрсетілмеген айырмашылықтарды ашу қажет)	
9.	Атап айтқанда, қатысушының есепті кезеңде бухгалтерлік есепке алуда салық салу мақсатындағы бағамдық айырмашылықтар бойынша кірістер мен шығыстар деп танылмаған бағамдық айырмашылықтар бойынша кірістер мен шығыстарды мойындады ма	
10.	Салықтық есеп саясатына өзгерістер немесе толықтырулар енгізілді ме	
11.	Есепті кезеңде келісімшарттық қызмет, келісімшарттан тыс қызмет және жалпы қызмет арасындағы бөлек есепке алу мақсатында қандай да бір қызметті қайта даярлау болды ма	
12.	Инвестициялық салық преференциялары қолданылды ма	
13.	Қатысушы есепті кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген басқа салықтық жеңілдіктерді пайдаланды ма	
14.	Жаңа несиелік келісімдерге қол қойылды ма және осы қарыз қаражаттары қандай мақсаттарға пайдаланылды	
15.	Қолданыстағы несиелік келісімдерді қайта құрылымдау, оның ішінде міндеттеме тараптарын беру немесе өзгерту жүзеге асырылды ма	
16.	Қатысушы бейрезиденттерге несие берді ме (көрсетілген операциялар болған кезде контрагенттер мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша ақпаратты ашу)	
17.	Қатысушы мемлекеттік бюджетке салық заңнамасын сақтамағаны үшін 1 миллиард теңгеден астам сомаға айыппұл төледі ме	
18.	Салық есебін жүргізуге және салық есептілігін дайындауға жауапты салық төлеуші бөлімшесінің ұйымдық	

	құрылымына өзгерістер енгізілді ме	
19.	Бухгалтерлік, салықтық есепке алу және салық міндеттемелерін есептеуге әсер ететін басқа жүйелер бойынша жаңа ақпараттық жүйелерге көшу жүзеге асырылды ма, сондай-ақ қолданыстағы ақпараттық жүйелерге салық есебіне әсер ететін жаңа модульдерді енгізу жүргізілді ме	
20.	Талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде өткен кезеңдердегі салық есептілігіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілді ме Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген салық есептілігінде көрсетілген салық сомасының 5% және одан көп сомасына ақпаратты ашу	
21	Есепті кезеңде қатысушының талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде өткен кезеңдегі аудиттелген қаржылық есептілігіне елеулі өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілді ме	
22	Активтерді өтеусіз беру және алу, оның ішінде қайырымдылық мақсатта салық салынатын кіріс 3% - дан астам сомаға жүзеге асырылды ма	
23.	Қатысушы есепті кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңнамасын немесе Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасын түсіндіру үшін Мемлекеттік кірістер комитетіне жүгінді ме Сұрау салулар мен жауаптарды ұсыныңыз	
24.	Компания есепті кезеңде Қаржы министрлігіне бухгалтерлік есепке алудың қандай да бір баптарының біліктілігі мәселесі бойынша жүгінді ме Сұрау салулар мен жауаптарды ұсыныңыз	
	Негізгі құралдарға, тауар-материалдық	

25.	құндылықтарға жүргізілген түгендеу нәтижелері туралы, оның ішінде артық, жетіспеушілік, тауар-материалдық құндылықтар есептен шығару және т.б. сомаларын көрсете отырып, ақпарат беру, сондай-ақ осы ақпаратты ашып жазу	
26.	Қатысушы есепті кезеңде тәуекелдерді хеджирлеу бойынша мәмілелерді жүзеге асырды ма	
27.	Акциялар, облигациялар шығару	

Деңгейлес мониторингке қатысушы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
7-қосымша

Нысан

(деңгейлес мониторингке
қатысушының атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Салықтық міндеттемені орындау мәселелері жөнінде деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 149-бабына және Деңгейлес мониторинг жүргізу тәртібінің 4-тарауына сәйкес салықтық заңнаманы орындау мәселелері жөнінде деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымды жолдайды:

теңге

№	Бюджеттік сыныптама коды	Бюджеттік сыныптама коды атауы	Салық кезеңі	Болжамды бұзушылық сипаттамасы	Салық, төлем сомасы
	Жиыны				

Сізге салықтық міндеттемені орындау мәселелері жөнінде деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдар табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

1) көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – анықталған бұзушылықтар жататын салық кезеңі үшін қосымша салық есептілігін және бұл туралы уәкілетті органға хабарлау

☐

2) осындай ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – салықтық міндеттемені орындау мәселелері бойынша ұсынымға түсініктеме ұсыну қажет

☐

Салық міндеттемесін орындау және (немесе) мұндай шешімді орындамау мәселелері бойынша уәжді шешіммен келіспеген жағдайда тақырыптық салықтық тексеру жүргізіледі.

Ұсыным табыс етілді:

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
ұсынымды табыс еткен лауазымды адамның қолы, табыс еткен күні)

Ұсынымды алдым:

(деңгейлес мониторингке қатысушының атауы, ұсыным алған лауазымды адамның
тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы,
алған күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
8-қосымша

Нысан

(деңгейлес мониторингке
қатысушының атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Салық салу саласында ішкі бақылау жүйесін жақсарту жөнінде деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсыным

20__ жылғы " __ " _____ № _____

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Салық кодексінің 149-

бабына және Деңгейлес мониторинг жүргізу қағидаларының 5-параграфіне сәйкес салық салу саласында ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша деңгейлес мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымды жолдайды:

№	Ұсынымның сипаттамасы
---	-----------------------

Сізге салық салу саласында ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдар табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде:

1) келіскен жағдайда – оны іске асыру мерзімдерін көрсете отырып хат

☐

2) келіспеген жағдайда – мұндай ұсынымға түсініктеме ұсыну қажет

☐

Салық салу саласындағы ішкі бақылау жүйесін жақсарту және (немесе) мұндай шешімді орындамау мәселелері бойынша дәлелді шешіммен келіспеген жағдайда Комитет Консультативтік кеңеске деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзу туралы мәселені шығарады.

Ұсыным табыс етілді:

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
ұсынымды табыс еткен лауазымды адамның қолы, табыс еткен күні)

Ұсынымды алдым:

(деңгейлес мониторингке қатысушының атауы, ұсынымды алған лауазымды адамның

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе),
қолы,

алған күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
9-қосымша

Нысан

(деңгейлес мониторингке
қатысушының атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Деңгейлес мониторингке қатысушының түсіндірмемен келісуі туралы хабарлама

20__ жылғы " __ " _____ №__

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 149-бабының 3-тармағына және Деңгейлес мониторинг жүргізу қағидаларының 28, 29, 33 және 34-тармақтарына сәйкес 20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ ұсынымда көрсетілген ұсынылған түсіндірмелермен келісетінін туралы хабарлайды.

1) салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша

☐

2) ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша

☐

Хабарлама табыс етілді (жолданды):

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)
ұсынымды табыс еткен лауазымды адамның қолы, табыс еткен күні)

Хабарламаны алдым:

(деңгейлес мониторингке қатысушының атауы, ұсынымды алған лауазымды
адамның

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе),
қолы,
алған күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
10-қосымша

Нысан

(деңгейлес мониторингке
қатысушының атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі)

Қосымша талқылау нәтижелері бойынша келіспеушілік хаттамасы

(өткізу орны) (№ , нөмірі) (күні)

(нөмірі мен күні) _____ ұсынымға

№	Сұрақтың мазмұны	Ескертпе
---	------------------	----------

Қоса берілген құжаттар:

1. _____ парақта
2. _____ парақта
3. _____ парақта
4. _____ парақта
5. _____ парақта

Деңгейлес мониторингке қатысушының ұстанымы: _____

Комитеттің ұстанымы: _____

Деңгейлес мониторингке қатысушы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Жұмыс органы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе))

Ескертпе: "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" Республикалық мемлекеттік мекемесі мен Деңгейлес мониторингке қатысушы арасында материалдарды қоса бере отырып Келіспеушілік хаттамасын оған қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Деңгейлес мониторингті жүргізу қағидаларының 35-тармағына сәйкес Консультативтік кеңес мүшелерінің қарауына жолдайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
11-қосымша

нысан

(деңгейлес мониторингке
қатысушының атауы)

(бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ жыл үшін деңгейлес мониторинг жүргізуді қайта бастау туралы хабарлама

20__ жылғы "___" _____ № _____

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 148-бабының 3-тармағына және Деңгейлес мониторинг жүргізу қағидаларының 45-тармағына сәйкес сізге деңгейлес мониторинг жүргізу күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күннен аспайтын мерзімге тоқтатылған мониторингтің есепті кезеңі үшін:

- деңгейлес мониторингке қатысушының мониторингтің көрсетілген есепті кезеңіне кіретін салық кезеңдері үшін қосымша салық есептілігін ұсынған



- деңгейлес мониторинг жүргізу кезеңінде уәкілетті орган жолданған сұрау салуларға жауап алған



- құжатпен расталған Қазақстан Республикасының салық заңнамасының болжамды бұзушылықтарын көрсететін деңгейлес мониторингке қатысушының қызметі туралы мәліметтер алған кезде деңгейлес мониторинг жүргізудің қайта басталғаны туралы хабарлайды



Хабарлама табыс етілді (жолданды): _____

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) хабарламаны табыс еткен лауазымды адамның қолы, тапсыру күні)

Хабарламаны алдым: _____

(деңгейлес мониторингке қатысушының атауы, хабарламаны алған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы, алған күні)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
12-қосымша

Нысан

Деңгейлес мониторинг бойынша уәжді шешім

№ _____ 20__ жылғы "___" _____

Деңгейлес мониторингке байланысты мәселелерді қарау жөніндегі консультациялық кеңес (бұдан әрі – Консультациялық кеңес) отырысында

_____ (деңгейлес мониторингке қатысушының атауы және бизнес-сәйкестендір нөмірі,

_____ деңгейлес мониторингке қатысушымен келіспеушілік хаттамасы немесе деңгейлес мониторинг туралы келісімді бұзуға негіздер)

_____ көрсеткен мәселені қарап,

Анықталды:

(келіспеушілік хаттамасынан даулы мәселелер немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет)

және деңгейлес мониторингке қатысушының ұстанымын келтіре отырып,

шешім қабылдау негіздері, дәлелді негіздермен қорытынды және

Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылық фактісі туралы

куәландыратын мән жайларды аша отырып,

негіздеме егжей тегжейлі ашып жазылады)

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 148-бабы 5-тармағының негізінде

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

(Комитет төрағасының немесе оны алмастыратын адамның қолы)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2025 жылғы 22 қыркүйектегі
№ 520 бұйрығына
13-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Деңгейлес мониторингтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 1060 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17914 болып тіркелген).

2. "Деңгейлес мониторингтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 1060 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 504 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18754 болып тіркелген).

3. "Деңгейлес мониторингтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 1060 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 23 қазандағы № 1119 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33572 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК